**2008 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 149 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 22 қаңтарда № 5-3-51 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімінің 2014 жылғы 11 шілдедегі № 4083/04-20 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімінің 11.07.2014 № 4083/04-20 хаты).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындықтар көретін халықтың әр түрлі топтарына мемлекеттік кепілдіктерді кеңейту және қолдау корсету мақсатында Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы коғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қаланың кәсіпорындары, ұйымдар және мекемелер тізімі бекітілсін (1-косымша).

2. Нысаналы топтар белгіленсін (2-қосымша).

3. Қаланың ұйымдары мен кәсіпорын басшыларына Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамаларына сәйкес жұмысшылардың жеке санаттарына (мүгедектерге, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, коп балалы аналарға) жұмыс істеген уақытқа тепе-тең төленетін төлемнен жарты күн (апта) жұмыс істеу мүмкіндігін беру, сондай-ақ жұмыс уақытын ұйымдастырудың, ыңғайлы нысандарын қолдану ұсынылсын.

4. «Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын

қаланың кәсіпорындары, үйымдар және мекемелерінде ақылы қоғамдық жұмыстарды жүргізуді камтамасыз етсін, ақылы қоғамдық жұмыстарға қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыздар есебінде тіркелген азаматтар жолдансын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Е. Старенковаға жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді

*Курчатов қаласының әкімі* *Р. МУСИН*

*К Е Л І С І Л Д І*

*Шығыс Қазақстан облысы*
*Курчатов қалалық сотының төрайымы* *С. АЗМАҒАНБЕТОВА*

*Шығыс Қазақстан облысы*
*Курчатов қаласының прокуроры* *Е. ШЫНЫБАЕВ*

*«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы бойынша салық комитеті» мемлекеттік мекемесі*
*төрағасының міндетін атқарушы* *А. АРАЛОВ*

*«Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің Курчатов қаласының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің*
*бастығы* *Қ. ЫСҚАҚОВ*

*«Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының қорғаныс бөлімі» мемлекеттік*
*мекемесінің бастығы* *Қ. БАЛТЕКОВ*

*«Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінің Курчатов қаласының әділет басқармасы»*
*мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Қ. ҚАРЫМСАҚОВ*

*Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-орындаушы комитеті басқармасы «Курчатов қаласының қылмыстық-орындаушы инспекциясы» Мемлекеттік мекемесінің аға инспекторы* *Н. МЕЙРЕМБАЕВ*

*Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Атомды энергия институты» еншілес мемлекеттік мекемесінің директоры* *Е. КЕНЖИН*

*Қазақстан Республикасының Үлттық ядролық орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» еншілес мемлекеттік мекемесінің директоры* *С. ЛУҚАШЕНКО*

*Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері* *А. СҰЛТАНОВ*

*«Монтажник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры* *М. БРАЖНИКОВ*

*«Азот» өндірістік кооперативінің төрағасы* *В. ДЕМЫШЕВ*

*«Иртыш» бау-бақшалық өндірістік кооперативінің төрағасы* *В. ЖУКОВ*

*«Восход» бау-бақша телімдері иелерінің өндірістік кооперативінің төрағасы* *Н. МУХАРЛАМОВ*

*Курчатов қаласы мешітінің имамы* *Е. ОМАРОВ*

*«Свято-Казанский приход» жергілікті православ діни бірлестігінің діни басшысы А. ЮРКИН*

Курчатов қаласы әкімдігінің 2007 жылғы «29» желтоқсандағы № 149 қаулысына 1 қосымша

## Ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын қала кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің тізімі

| № | Жұмыс берушінің атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Атқарылған жұмыстардың көлемі | А Қ Ж қатысушылардың көлемі | | Қаржыландыру көздері | | Еңбеақы төлемінің мөлшері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Барлығы | Соның ішінде ауыл | бюджет | Жұмыспен қамтушы | |
| 1. | «Монтажник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Жылу жүйелерін жөндеу, үй алды аумақтарын жинау, үй жөндеу, үй подъездері мен үй астыларын тазалау, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 10 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 2. | «Курчатов қаласы әкімдігінің «Журавушка» бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | Жөндеу жұмыстары, аумақты тазалау басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 3. | «Курчатов қаласының қалалық ауруқанасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | Ғимаратты жөндеу, аурухана бөлмелерін жинау, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 5 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 4. | Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының « Радияциялық | Экологиялық сауықтыру және аумақты тазалау, мерзімдік жылыту | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | Жұмыс беруші | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қауіпсіздік және экология институты» | жұмыстары, басқа да жұмыс түрлері | | | | | | |
| 5. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі | Әлеуметтік сұрақтар жүргізу, жөндеу жұмыстары, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 10 | | Бюджет | | Ең төменгі жалакыдан төмен емес |
| 6. | «Қалалық мәдениет үйі» қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | Мәдени іс-шараларды үйымдастыру, балалардың бос уақытын үйымдастыру, ғимаратты жөндеу, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | | Ең төменгі жалакыдан төмен емес |
| 7. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының қорғаныс бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Мұрағат қорын түгендеу, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 8. | «Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы бойынша салық комитеті» мемлекеттік мекемесі | Құжаттармен жұмыс, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 4 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 9. | «Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Аурулар мен қарттарды күту, әлеуметтік сұрақ жүргізу, зейнет істерімен жұмыс жасау, жұмыстың басқа да түрлері | Тапсырыс бойынша | 5 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 10. | «№ 3 орта мектеп» мемлекеттік мекемесі | Жөндеу жұмыстары, аумақты тазалау, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 11. | Курчатов қаласының мешіті | Ғимаратты жөндеу, аумақты | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тазалау, басқа да жұмыс түрлері | | | | | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 12. | «Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаментінің Курчатов қаласының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Қоғамдық тәртіпті сақтау, консьерж жұмыстары | Тапсырыс бойынша | 30 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 13. | Курчатов қаласы әкімдігінің «Курчатов қаласы көп салалы пайдалану кәсіпорыны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазалау, жөндеу жұмыстары, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 22 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 14. | «Иртыш» бау-бақша қоғамының тұтынушылық кооперативі | Суғару жүйесін жөндеу, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 15. | «Восход» саяжай телімдері иелерінің тұтынушылық кооперативі | Суғару жүйесін жөндеу, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 16. | «Азот» өндірістік кооперативі | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазалау | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 17. | «Курчатов қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кісі тасу көліктері және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Құжаттармен жұмыс, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 1 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 18. | «Шығыс Қазақстан облысы әділет департаментінің Курчатов қаласының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі | Құжаттармен жұмыс, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 19. | Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық соты | Мұрағаттық құжаттармен жұмыс, курьер | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| | «Балалар мен жасөспірімдердің «Көкжиек» клубы | Балалардың бос уақытын | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20. | мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны | ұйымдастыру, басқа да жұмыс түрлері | | 2 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 21. | Курчатов қаласының прокуратурасы | Жөндеу жұмыстары, курьер | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 22. | «Свято-Казанский приход» жергілікті православ бірлестігі | Храмды қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстары | Тапсырыс бойынша | 2 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 23. | Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығының « Атомдық энергия институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорыны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазалау | Тапсырыс бойынша | 3 | | Бюджет | Жұмыспен қамтушы | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 24. | «Балапан» мемлекеттік коммуналдык кәсіпорыны | Аумақты экологиялық сауықтыру және тазалау, құжаттармен жұмыс, басқа да жұмыс түрлері | Тапсырыс бойынша | 20 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| 25. | Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-орындаушы комитетінің басқармасы «Курчатов қаласының қылмыстық-орындаушы инспекциясы» | | | 2 | | Бюджет | | Ең төменгі жалақыдан төмен емес |
| | БАРЛЫҒЫ | | | 145 | | | | |

*Курчатов қаласының әкім аппаратының жетекшісі А. Әлімханов*

Ескертпе: 2008 жылға ақылы қоғамдық жұмыстарын өткізуге қаражат шектігіне байланысты сұраныстар мен ұсыныстарға сәйкес қатысушылар саны, қатысу мерзімі және ұйымдар тізімдері өзгертілуі мүмкін.

Курчатов қаласы әкімдігінің 2007 жылғы «29» желтоқсандағы № 149 қаулысына 2-қосымша

## Нысаналы топтар құрамы

1. Тұрмысы төмен азаматтар.

2. 21 жасқа дейінгі жастар.

3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалармен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар.

4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті көп балалы ата-аналар.

5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар.

6. Мүгедектер.

7. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуыға екі жыл қалғандар).

8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарынан босаған адамдар.

9. Бас бостандығынан айыру және мәжбүрлеп емдеу орындарынан босаған адамдар.

10. Оралмандар.

11. Есірткіге тәуелді және АҚТҚ инфекциясын жұқтырушы адамдар.

*Курчатов қаласы әкім аппаратының жетекшісі А. Әлімханов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК